

Балабақшада мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі ата-аналардың құқықтарын сақтауға, ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

1. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері

Балабақша келесі мемлекеттік қызметтерді ұсынады:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға балаларды қабылдау.
2. Балаларды кезекке қою туралы ақпарат беру (Е-24, Egov, e-Otinish, “Балаларды қабылдаудың автоматтандырылған жүйесі” арқылы).
3. Ата-аналарға балабақшаға қабылдау туралы электронды жолдама беру.
4. Мектепке дейінгі білім беру ұйымынан анықтамалар беру (баланың қатысуы, оқу мерзімі, топ құрамы туралы).

2. Қызмет көрсету нысаны

Мемлекеттік қызметтер мына тәсілдермен көрсетіледі:

Электронды түрде: Egov.kz, e-Otinish.kz, қаланың автоматтандырылған кезек жүйесі.

Портал арқылы жүктелген құжаттар негізінде.

Қажет жағдайда балабақша кеңсесі арқылы (қағаз түрінде).

3. Қызмет алушыдан талап етілетін құжаттар

Қызметтің түріне қарай қажет құжаттар:

3.1. Баланы қабылдау үшін:

Ата-ананың немесе заңды өкілдің өтініші (портал арқылы).

Баланың туу туралы куәлігі (электронды түрде автоматты түрде тартылады).

Тұрғылықты жері бойынша тіркеу (ХҚКО базасынан тартылады).

Баланың денсаулық паспорты, № 052/у - формасы (балабақшаға келген кезде).

3.2. Анықтамалар алу үшін:

Е-өтініш арқылы жазылған өтініш немесе балабақша кеңсесіне жүгіну.

4. Қызмет көрсету мерзімі

Баланы қабылдау туралы жолдама беру: 1 жұмыс күні (электронды кезек келген кезде).

Анықтамалар беру: 1 жұмыс күні.

Қызмет көрсету нәтижесін порталға жүктеу: автоматты.

5. Қызмет көрсетудің негізгі қағидаттары

Ашықтық және қолжетімділік

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу

Қызметті уақытында көрсету

Ата-аналардың құқықтарын қорғау

6. Қызмет көрсету кезеңдері

1. Ата-ана порталға өтініш береді.
2. Өтініш автоматты түрде тіркеледі.
3. Кезек келгенде жүйе электронды жолдаманы береді.
4. Ата-ана жолдамамен балабақшаға келеді.
5. Медициналық құжаттары толық болғанда бала қабылданады.
6. Балабақша қызмет көрсету туралы ақпаратты журналға тіркейді.
7. Қызмет көрсетуден бас тарту негіздері

Құжаттардың толық болмауы.

Жалған ақпарат ұсыну.

Денсаулық жағдайы бойынша уақытша қабылдауға болмайтын диагноздар (СанПиН талаптарына сәйкес).

8. Шағым беру тәртібі

Қызмет алушы келесі орындарға шағымдана алады:

Балабақша меңгерушісі

Білім бөлімі

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

e-Otinish порталы арқылы